

## **Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қаңтардағы N 65 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы  
№ 1207 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.11.2013 № 1207 қаулысымен.**

"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      2 6                      қ а ң т а р д а ғ ы  
N        6 5                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыру процесін халықаралық стандартқа жақындату, халықты дәрілік заттармен қамтамасыз етуді жетілдіру, дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Дәріханалардың және дәріхана қоймаларының санаты денсаулық сақтау ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеу процесінде белгіленеді немесе расталады.

3. Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау үшін олар жүзеге асыратын фармацевтикалық қызметтің көлемі мен

түрлері өлшем болып табылады.

4. Санатына сәйкес фармацевтикалық қызметтің түрлерін толық көлемде ұйымдастыру және жүргізу үшін дәріхана және дәріхана қоймасы:

- 1) осы Ережеде көзделген құрылымдық бөлімшелердің (бөлімдердің);
- 2) осы Ережеге 1 және 2-қосымшаларда келтірілген фармацевтикалық қызмет түрлерін жүзеге асыру және дәрілік және оларға теңестірілген заттарды сақтау шарттарын қамтамасыз ету үшін тиісті бөлімдерге біріктірілген үй-жайлардың құрамы болуын қамтамасыз етеді.

## 2. Дәріханалардың санатын және құрылымын айқындау

5. Фармацевтикалық қызметтің көлемі мен түрі бойынша дәріханалар үш санатқа бөлінеді.

6. I санаттағы дәріханаларға:

1) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар барларын қоса алғанда, негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттардың толық тізбесін қабылдауды, сақтауды, сатуды;

2) медициналық мақсаттағы бұйымдарды және көзілдірік оптикасын қабылдауды, сақтауды, сатуды;

3) дәрілік нысандарды, оның ішінде асептикалық және стерильді нысандарды дайындауды жүзеге асыратын дәріханалар теңестіріледі.

7. II санаттағы дәріханаларға:

1) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар барларын қоса алғанда, негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттар тізбесінің кемінде 70%-ын қабылдауды, сақтауды, сатуды;

2) медициналық мақсаттағы бұйымдарды және көзілдірік оптикасын қабылдауды, сақтауды, сатуды жүзеге асыратын дәріханалар теңестіріледі.

8. I және II санаттағы дәріханаларға көрсетілген фармацевтикалық қызмет түрлерін жүргізу үшін мынадай құрылымдық бөлімшелер ұйымдастырылады:

I санаттағы дәріханада:

- 1) дәрілік заттар қорларының бөлімі;
- 2) рецептік-өндірістік бөлім;
- 3) дайын дәрілік заттарды сату бөлімі;
- 4) дәрігердің рецептінсіз дәрілік заттарды сату бөлімі;
- 5) көзілдірік оптикасы бөлімі;

II санаттағы дәріханада:

- 1) дәрілік заттар қорларының бөлімі;
- 2) дайын, оның ішінде дәрігердің рецептінсіз босатылатын дәрілік заттарды сату бөлімі;

3) көзілдірік оптикасы бөлімі.

9. III санаттағы дәріханаларға фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына жауап беретін барлық қалған дәріханалар теңестіріледі.

10. Жүзеге асырылатын фармацевтикалық қызметтің көлемі мен түрі бойынша жоғарылау санатқа сәйкес келетін II немесе III санаттағы дәріханалар денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органға оларға тиісті санатты беру үшін өтінім беруі мүмкін.

### 3. Дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау

11. Жүзеге асырылатын фармацевтикалық қызметтің көлемі мен түрі бойынша дәріхана қоймалары 2 санатқа бөлінеді.

12. I санаттағы дәріхана қоймаларына негізгі (өмірлік маңызы бар), оның ішінде құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік заттардың толық тізбесін сатып алуға, сақтауға, әкелуге, әкетуге және сатуға байланысты фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын дәріхана қоймалары теңестіріледі.

13. Фармацевтикалық қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін I санаттағы дәріхана қоймасы мынадай құрылымдық бөлімшелерді ұйымдастырады:

- 1) дәрілік заттарды қабылдау және жөнелту бөлімі;
- 2) құрамында улы заттар, есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік заттар бөлімі;
- 3) дайын дәрілік заттар бөлімі;
- 4) медициналық мақсаттағы бұйымдар (медициналық техникадан басқа), оның ішінде таңу-байлау, санитарлық-гигиеналық заттар бөлімі;
- 5) қосалқы материалдар, ыдыстар, дезинфекциялаушы заттар, қышқылдар және сілтілер бөлімі.

14. II санаттағы дәріхана қоймаларына фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына жауап беретін барлық қалған дәріхана қоймалары теңестіріледі.

Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау ережесіне

1-қосымша

#### Дәріхана санатына сәйкес бөлімдер мен үй-жайлардың құрамы

Р/с N	Үй-жайлардың және бөлімдердің атаулары	Дәріхана санаты	
		I	II
1	2	3	4

1	Халыққа қызмет көрсету залы, қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар: халыққа қызмет көрсету аймағы (сауда залы); менгерушінің кабинеті; менеджердің кабинеті; персонал кабинеті; персонал гардеробы; жинау мүкәммалын сақтайтын қойма; санитарлық желі; су себезгі бөлме.	+	+
2	Қ о р б ө л і м і : м ы н а л а р д ы : 1) құрамында улы заттар, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды; 2) дайын дәрілік заттарды; 3) медициналық мақсаттағы бұйымдарды (медициналық техникадан басқа) сақтайтын бөлмелер; м ы н а л а р д ы : 1) мақта, дәке және басқа таңу-байлау, санитарлық-гигиеналық заттарды; 2) дәрілік өсімдік шикізатын; 3) жанатын, оңай тұтанатын сұйықтықтарды; 4) қышқылдарды, сілтілерді; 5) дезинфекциялау құралдарын; 6) қосалқы материалдарды, ыдыстарды сақтайтын үй-жайлар.	+	+
3	Рецептік-өндірістік бөлім: сауда залында дәріхана жабдықтарын орналастыратын және дәрілік заттарды сататын а й м а қ ; дәрілік субстанцияларды, жартылай фабрикаттарды сақтайтын бөлме; дәрілік нысандарды дайындауға арналған ассистенттік бөлме; стерильді және асептикалық дәрілік нысандарды дайындайтын бөлме; талдаушы-химиктің бөлмесі (немесе дәрілік заттардың сапасын бақылауға арналған ассистенттің бөлмесінде орналасқан талдаушы-химиктің үстелі); су тазартатын бөлме; ыдыстарды стерилизациялайтын бөлме; дәрілік заттарды стерилизациялайтын бөлме; жуатын бөлме.	+	-
4	Дайын дәрілік заттарды сататын бөлім: дәрілік заттардың қорын сақтайтын бөлме; сауда залында орналастыру үшін дәрілік заттарды сақтауға және сатуға арналған дәріхана жиһаздары мен жайма сөрелер алаңы.	+	+
		+	+

5	Дәрілік заттарды дәрігердің рецептінсіз сату бөлімі:	+	
	дәрігердің рецептісіз сатылатын дәрілік заттарды, бөлініп буып-түйілген дәрілік өсімдіктер шикізатын, мақтаны, дәкені, сондай-ақ медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтауға арналған бөлме;		
	сауда залында орналастыру үшін дәрілік заттарды сақтауға және сатуға арналған дәріхана жиһаздары мен жаймасөрелер алаңы.	+	
6	Көзілдірік оптикасы бөлімі:	+	+
	сауда залында орналастыру үшін көзілдірік оптикасын сақтауға және сатуға арналған дәріхана жиһаздары мен жаймасөрелер алаңы.	+	+

\* II санаттағы дәріханада персонал бөлмесі мен персонал гардеробы бір б о л у ы м ү м к і н ;

\*\* II санаттағы дәріханада дәрілік заттарды дәрігердің рецептінсіз сатуды дайын дәрілік заттар бөлімінде іске асырады.

Дәріханалардың, дәріхана қоймаларының санатын және құрылымын айқындау ережесіне

2-қосымша

### **I санаттағы дәріхана қоймасының бөлімдері және үй-жайлардың құрамы**

1. Қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар:

меңгерушінің кабинеті;

менеджердің кабинеті;

персонал кабинеті;

персонал гардеробы;

жинау мүкәммалын сақтайтын қойма;

санитарлық желі;

су себезгі бөлме.

2. Дәрілік заттарды қабылдау және жөнелту бөлімі:

контейнерлерді түсіретін және тиейтін платформа;

дәрілік заттарды қабылдауды және қойма құрылымдарына таратуды ұйымдастыруға арналған алаң (жабық үй-жайда);

дәрілік заттарды және қоймадан басқа тауарларды буып-түюге, орап қаптауға және босатуға арналған үй-жай.

3. Құрамында улы заттар, есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік заттар бөлімі:

құрамында улы заттар, есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар бар дәрілік заттарды, сондай-ақ арнайы рецептуралық бланктерді қабылдайтын, сақтайтын бөлме.

4. Дайын дәрілік заттар бөлімі:

мыналарды:

1) дәрілік субстанцияларды, жартылай фабрикаттарды және дайын дәрілік заттарды;

2) дәрілік өсімдік шикізатын;

3) этил спиртіні (болған жағдайда) сақтайтын бөлмелер;

мыналарды:

1) субстанцияларды буып-түйетін;

2) жанатын, оңай тұтанатын сұйықтықтарға арналған үй-жайлар.

5. Медициналық мақсаттағы бұйымдар (медициналық техникадан басқа), оның ішінде таңу-байлау, санитарлық-гигиеналық заттар бөлімі:

мыналарды:

1) медициналық мақсаттағы бұйымдарды (медициналық техникадан басқа);

2) мақта, дәке және басқа таңу-байлау, санитарлық-гигиеналық заттарды сақтауға арналған бөлмелер.

6. Қосалқы материалдар, ыдыстар, дезинфекциялау құралдары, қышқылдар, сілтілер бөлімі:

мыналарды:

1) қосалқы материалдарды, ыдыстарды;

2) дезинфекциялау құралдарын;

3) қышқылдарды, сілтілерді сақтауға арналған үй-жайлар.